КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

СОРБОННА-ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ

Бекітемін
Институт директоры
_____ А.А. Сабитова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

6В01722 – Француз тілі мұғалімдерін даярлау
2024-2029 жж

Алматы, 2024

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары келесі құжаттар негізінде әзірленді:

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, № 9 хаттама, 2023 жылғы 20 желтоқсан).
2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚазҰПУ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, № 22 хаттама, 2024 жылғы 16 қаңтар).
3. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі қызмет көрсеткіштері.
4. "Abai University" ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары (ҚазҰПУ Басқарма төрағасының – ректорының міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген және іске қосылған, № 05-04/641, 2023 жылғы 15 қыркүйек).

Бекітілді
Сорбонна-Қазақстан институты кеңесінің отырысында
№ 6 хаттама, 2024 жылғы 29 қаңтар
Төраға _____ Жабелова Т.Е.

Қаралды
«Халықаралық қатынастар» кафедрасының отырысында
№ 6 хаттама, 2024 жылғы 26 қаңтар
Кафедра меңгерушісі _____ Жамансарин Н.Ш.

АЛҒЫ СӨЗ

6В01722 – Француз тілі мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының «Халықаралық қатынастар» кафедрасында жүзеге асырылады.

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6В01 – Педагогикалық ғылымдар

Дайындық бағытының коды және классификациясы: 6В017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау

Білім беру бағдарламалары тобы: 6В01722 – Француз тілі мұғалімдерін даярлау

Бағдарлама түрі: Инновациялық

Бағдарламаның стратегиясы инновациялық білім беру тәсілдерін қалыптастыру мен іске асыруға бағытталған, бұл түлектердің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасының миссиясы – қазіргі заманғы оқыту әдістерін, цифрлық технологияларды және инклюзивті білім беру қағидаларын меңгерген жоғары білікті француз тілі мұғалімдерін даярлау.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – француз тілін жоғары деңгейде меңгерген, коммуникативтік, цифрлық және инклюзивті білім беру құзыреттіліктеріне ие, сапалы оқу контенті мен тиімді білім беру үдерісін құра алатын мұғалім даярлау.

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат

Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B01722 – Француз тілі мұғалімдерін даярлау (қос дипломдық) инновациялық.
Тағайындалатын дәреже	6B01722 – Француз тілі мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Ашылған жылы	2024
Оқу мерзімі	4 жыл
Оқу форматы	күндізгі
Кредит көлемі	240
Оқу тілі	қазақ, орыс
Ұлттық/салалық біліктілік шеңбері деңгейі	6 / 6
Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	**Мақсаты:** Француз тілін жоғары деңгейде меңгерген, коммуникативтік, цифрлық және инклюзивті білім беру құзыреттіліктеріне ие, сапалы оқу контенті мен тиімді білім беру үдерісін құра алатын мұғалім даярлау. **Міндеттері:** 1.Тілдік құзыреттілікті дамыту 2.Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру 3.Білім берудегі цифрлық технологияларды меңгеру 4.Инклюзивті білім беруді дамыту 5.Сапалы оқу контентін әзірлеу 6.Практикалық бағытталған оқытуды қамтамасыз ету 7.Зерттеу дағдыларын дамыту
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Білім беру бағдарламасының бірегей ерекшеліктері мен артықшылықтары: 6B01722 - Француз тілі мұғалімдерін даярлау 1.STEAM-білім беру, педагогикадағы цифрлық технологиялар, бейімделгіш білім беру ортасы сияқты инновациялық әдістер қолданылады. 2.Халықаралық стандарттармен интеграция 1)Университет Еуропа, Азия және АҚШ университеттерімен тығыз әріптестік орнатып, қос диплом бағдарламаларын енгізеді. 2)Білім беру бағдарламалары Erasmus+, UNESCO, ABET және басқа да халықаралық аккредитацияларға сәйкес келеді. 3.Халықаралық мәртебе:Лотарингия университетінің филиалының Сорбонна-Қазақстан институты жанынан ашылуы әлемнің түкпір-түкпірінен студенттерді тартып, көпмәдениетті білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. 4.Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру:Француз және ағылшын тілдерін меңгеру халықаралық мансаптық мүмкіндіктерге жол ашады және елімізде де, шетелде де табысты жұмысқа орналасу ықтималдығын арттырады. 5.Оқу материалдарының көп болуы: Халықаралық қатынастар саласындағы әлемдік зерттеулер мен жарияланымдарға қолжетімділік студенттердің өзекті ақпараттарды меңгеруіне және озық әдістер мен технологияларды игеруіне жағдай жасайды. 6.Коммуникативтік дағдыларды дамыту:Франциядан келген оқытушылар мен студенттермен қарым-қатынас жасау тілдік және мәдениаралық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, бұл жеке тұлғаның қалыптасуы үшін маңызды. 7.Халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграция:Лотарингия университетімен бірлескен бағдарламалар студенттердің халықаралық деңгейдегі зерттеу жобаларына, конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға белсенді қатысуына мүмкіндік береді
Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының күтілетін нәтижелері	- Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау - Студенттер мен оқытушылардың оқу және кәсіби қызметін жетілдіру

	- Инновациялық оқыту технологиялары бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру - Шетел тілдеріндегі оқу және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу - Студенттер мен оқытушылардың ғылыми жобаларға, байқауларға қатысуы - Білім сапасын арттыру - Қазақстандық және шетелдік ЖОО-лармен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру - Оқытушылардың жоғары рейтингті (Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR, WoS, Scopus) басылымдардағы жарияланымдарының санын арттыру
Әзірлеушілер	Кафедра өкілдері: • Аға оқытушы Рыскулова Н.А. • Амандыкова Г.Я. • Елемесова Ж.М. Жұмыс берушілер: • №15 мектеп-гимназиясының директоры Оспанбек Б.Р. Студенттер: • Даудов А.Г. (1-курс студенті) • Сейдехан Ж. (1-курс студенті) • Жүсіп Н. (1-курс студенті) • Алибаева А. (1-курс студенті)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

6B01722 – "Француз тілі мұғалімдерін даярлау (инновациялық, қосдипломды)" білім беру бағдарламасы заманауи педагогикалық білім беру үрдістерін, халықаралық стандарттарды және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

1. Әлеуметтік-экономикалық негіздеме

- Глобализация мен халықаралық байланыстардың нығаюына байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарында француз тілі оқытушыларына сұраныстың артуы.
- Қазақстанда көптілді білім берудің дамуы және оны халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау.
- Қосдипломды бағдарламаларға жоғары қызығушылықтың болуы, бұл түлектердің әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

2. Академиялық негіздеме

- Бағдарлама көптілді және инклюзивті білім беру саласында құзыретті мамандар даярлауға бағытталған.
- Оқу процесіне халықаралық тәжірибені және шетел тілдерін оқытудың озық әдістемелерін енгізу.
- Халықаралық талаптарға сәйкес жаңартылған білім беру модульдері бойынша оқу мүмкіндігі.

3. Халықаралық ынтымақтастық және бәсекелестік артықшылықтар

- Бағдарламаның Лотарингия университеті сияқты шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жүзеге асырылуы академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін кеңейтеді.
- Оқытушылар мен студенттер алмасу бағдарламалары, халықаралық тағылымдамалар және ғылыми жобаларға қатысу арқылы түлектердің даярлық деңгейін арттыру.
- Цифрландыру мен инновациялық білім беру технологияларына басымдық беру оқытуды икемді және қолжетімді етеді.

4. Түлектердің мансаптық мүмкіндіктері

- Мектептерде, университеттерде, тіл орталықтарында және халықаралық ұйымдарда жұмысқа орналасу мүмкіндігі.

- Магистратура және докторантура деңгейінде білімін жалғастыруға қажетті педагогикалық және зерттеу дағдыларын дамыту.
- Халықаралық дипломға ие болу түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

5. Бағдарламаның университеттің стратегиялық мақсаттарына қосқан үлесі

- Қосдипломды бағдарламаларды енгізу арқылы университеттің академиялық деңгейін көтеру.
- Халықаралық ынтымақтастық арқылы ғылыми-зерттеу қызметін күшейту.
- Студенттер мен оқытушылардың ғылыми жарияланымдарының көбеюі мен халықаралық ұтқырлығы есебінен университеттің халықаралық рейтингтердегі орнын нығайту.

Білім беру бағдарламасын іске асырудағы тәуекелдерді басқару

Тәуекел атауы	**Мүмкін салдары**	**Тәуекелдерді басқару шаралары**
Қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Білім беру процесінің сапасының төмендеуі, жобаларды іске асыру мүмкіндігінің болмауы	Гранттарды тарту, халықаралық ұйымдармен серіктестікті дамыту
Академиялық ұтқырлықтың жеткіліксіздігі	Студенттер мен оқытушылардың халықаралық тәжірибесінің шектеулі болуы	Алмасу бағдарламаларын кеңейту, шетелдік тағылымдамалар санын арттыру
Шетелдік студенттерді тартудағы қиындықтар	Интернационализация деңгейінің төмендеуі, шетелдік студенттерден түсетін кірістің азаюы	Маркетингтік кампанияларды дамыту, виза рәсімдеу процедураларын жеңілдету
Ғылыми жарияланымдардың төмен деңгейі	Халықаралық рейтингтердегі позициялардың төмендеуі	Ынталандыру шараларын енгізу, ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету
Цифрлық технологияларды игеру деңгейінің төмендігі	Қашықтан оқыту мүмкіндіктерінің шектеулі болуы	Тренингтер ұйымдастыру, цифрлық білім беру платформаларын енгізу

SWOT-талдау

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Шетелдік университетпен қос дипломды бағдарлама	Студенттердің академиялық ұтқырлығының жеткіліксіздігі
Оқытушылар құрамының жоғары біліктілігі	Бағдарламаны дамытуға қаржы ресурстарының шектеулілігі
Заманауи білім беру технологиялары	Халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдардың төмен деңгейі
Мүмкіндіктер (Opportunities)	**Қауіп-қатерлер (Threats)**
Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту	Шетелдік студенттерді тарту бойынша басқа ЖОО-лармен бәсекелестік
Гранттық қаржыландыруды ұлғайту	Білім беру бағдарламасының аккредитациясына қойылатын талаптардың өзгеруі
Онлайн оқыту мен цифрлық технологияларды дамыту	Экономикалық дағдарыстар, қаржыландыруға ықтимал әсері

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара	Мерзімі	Есеп беру түрі	Ответственные
1. Abai University – академиялық артықшылық орталығы Мақсат 1. Педагогикалық білім берудің инновациялық моделін іске асыру				
1.1	Шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық мобильдік бойынша келісімшарттар жасау	2024-2029	Жасалған келісімдер	Жауапты кафедра
1.2	Француз тілінде жаңа білім беру модульдерін енгізу	2024-2029	Әзірленген білім беру бағдарламалары	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
1.3	Оқытушылар құрамының біліктілігін халықаралық тағылымдамалар арқылы арттыру	2024-2029	Тағылымдамадан өткен оқытушылар саны	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
1.4	Жұмыс берушілер мен бизнес-құрылым өкілдерін оқу процесіне тарту	2024-2029	Жұмыс берушілермен жасалған келісімдер	Жауапты кафедра
1.5	Француз тілін кіріктіріп оқыту бойынша әдістемелік курстар әзірлеу	2025-2029	Жарияланған курстар	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
2. Abai University – педагогикалық зерттеу университеті Мақсат 1. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми әлеуетін арттыру				
2.1	Француз тілін оқыту әдістемесі бойынша рейтингтік басылымдарда (Scopus, WoS) ғылыми мақалалар жариялау	2024-2029	Жарияланған ғылыми мақалалар	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар

2.2	Халықаралық зерттеу желісін дамыту, Франция университеттерімен бірлескен жобалар ұйымдастыру	2024-2029	Жасалған келісімдер	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
2.3	Ғылыми және оқыту қызметіне шетелдік сарапшыларды тарту	2024-2029	Шақырылған сарапшылар саны	Жауапты кафедра
3. Abai University – әлеуметтік белсенді университет				
Мақсат 1. Қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру				
3.1	Француз тілі бойынша халықаралық олимпиадалар мен байқаулар ұйымдастыру	2024-2029	Қатысушылар саны	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
3.2	Студенттердің еріктілік қызметін дамыту (тілдік лагерьлерге қатысу, инклюзивті білім беру бағдарламалары)	2024-2029	Еріктілік бағдарламаларын іске асыру бойынша есептер	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар
3.3	Soft skills курстарын енгізу (мәдениетаралық коммуникация, француз тілінде академиялық жазу)	2025-2029	Әзірленген курстар саны	Кафедра, оқытушылар, білім алушылар

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

№	Міндет	KPI (негізгі тиімділік көрсеткіші)	2024	2025	2026	2027	2028	2029
1. Abai University – академиялық артықшылық орталығы								
1	Халықаралық келісімдер санын арттыру	Жасалған халықаралық келісімдер саны	-	1	1	1	1	1
2	ППС біліктілігін арттыру	Халықаралық тағылымдамадан өткен оқытушылар саны	5	6	7	8	8	10
2. Abai University – педагогикалық зерттеу университеті								
3	Публикациялық белсенділікті арттыру	Scopus/WoSScopus/WoS базаларында жарияланған мақалалар саны	-	1	1	1	2	2
4	Халықаралық зерттеу желісін дамыту	Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен жобалар саны	-	1	1	1	1	2
3. Abai University –әлеуметтік тұрғыда белсенді университет								

5	Шетелдік студенттерді тарту	Шетелдік студенттердің пайыз мөлшері	-	-	3	4	4	4
6	Волонтерлік қызметті дамыту	Волонтерлік жобаларға қатысатын студенттер саны	5	7	8	8	9	10

Көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар

Іс-шаралардың атауы	Өлш.бір.	2024	2025	2026	2027	2028	2029
1. Abai University – кадемиялық шеберлік орталығы							
Француз тілінде жаңа білім беру модульдерін енгізу	Модульдер саны	1	2	2	2	2	2
Халықаралық тағылымдамалар арқылы ПОҚ біліктілігін арттыру	Тағылымдамалар саны	-	-	1	1	1	2
2. Abai University – педагогикалық зерттеу университеті							
Scopus/WoS-та ғылыми мақалалар жариялау	Мақалалар саны	-	-	1	1	1	1
Халықаралық зерттеу желісін дамыту	Бірлескен жобалар саны	-	1	1	1	1	1
Халықаралық конференциялар өткізу	Іс-шаралар саны	-	2	2	2	2	2
3. Abai University – әлеуметтік белсенді университет							
Шетелдік студенттерді тарту	Шетелдік студенттердің пайыз мөлшері	0%	0%	4%	5%	5%	6%
Волонтерлік қызметті дамыту	Студенттер саны	5	7	8	8	9	10
Студенттердің халықаралық бағдарламаларға қатысуы	Студенттер саны	-	1	1	1	1	2

6B01722 - Француз тілі мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының даму жоспарын іске асыру механизмдері

1.Шетелдік университеттермен серіктестік – жаңа келісімдер жасау, бірлескен білім беру және ғылыми жобалар үшін ынтымақтастықты кеңейту.
2.Халықаралық сарапшыларды тарту – шетелдік оқытушылар мен зерттеушілердің білім беру процесіне және бірлескен зерттеулерге қатысуы.
3.Гранттық қолдау – білім беру бағдарламасын дамыту жобаларын қаржыландыру үшін ұлттық және халықаралық гранттық бағдарламаларға қатысу.
4.Цифрлық білім беру технологияларын дамыту – онлайн-курстар, виртуалды тағылымдамалар және цифрлық ресурстарды енгізу.

5.Білім беру бағдарламасын жаңарту – оқу жоспарларын заманауи талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес жаңарту.
6.Академиялық мобильділік – студенттер мен оқытушылардың әлемнің жетекші университеттерімен алмасу бағдарламаларын қолдау.
7.Халықаралық рейтингтер мен байқауларға қатысу – жарияланымдар, конференциялар және ғылыми жобалар арқылы университет беделін арттыру.
8.Инфрақұрылымды дамыту – жайлы оқу және зерттеу жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны жақсарту

Түлек моделі

6B01722 - Француз тілі мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының түлегі келесі құзыреттер мен сипаттамаларға ие болуы тиіс:
- Кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік жауапкершілік және азаматтық ұстаным – француз тілін жоғары деңгейде меңгеру, оқыту әдістемесі мен заманауи қоғамдағы мұғалімнің әлеуметтік рөлін түсіну.
- Мақсаттардың анықтығы және құндылықтық бағдарлар – нақты білім беру мақсаттарын қоя білу, педагогикалық қағидалар мен этикалық нормаларды сақтау.
- Еңбекқорлық, өзін-өзі тәртіпке келтіру, проактивтілік – өзін-өзі үздіксіз дамыту дағдыларын, бастамашылдық пен оқу процесіне жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.
- Эмоционалды интеллект және тұрақтылық – өзін-өзі реттеу, стрессті басқару және ұжымда тиімді қарым-қатынас орната білу.
- Практикалық бағдар мен кәсіпкерлік дағдылар – оқу материалдарын нақты жағдайларға бейімдеу және білім беру стартаптарын дамыту.
- Тарихи және мәдени мұраға құрмет, төзімділік – мәдени әртүрлілікті түсіну, ұлттық дәстүрлер мен халықаралық құндылықтарға құрметпен қарау.
- Цифрлық ортада терең түсінік – заманауи цифрлық құралдарды, платформаларды және қашықтықтан оқыту технологияларын меңгеру.
- Конструктивті өзара әрекеттесу, жаһандық сын-қатерлерге бейімделу – халықаралық білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу қабілеті, өзгерістерге бейімделу.
- Көшбасшылық, кәсіби этиканы сақтау – студенттер мен әріптестерді шабыттандыру, мотивация беру, педагогикалық этиканы сақтау.
- Креативтілік, әлеуметтік белсенділік, көптілділік – оқытудағы шығармашылық тәсілдерді дамыту, қоғамдық және халықаралық бастамаларға қатысу, бірнеше тілді меңгеру.